

## **Железин ауданы Железин ауылдық округінің Железинка ауылында көшені қайта атау туралы**

Павлодар облысы Железин ауданы Железин ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 11 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 қыркүйекте № 6945 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Железин ауылдық округінің Железинка ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2019 жылғы 13 желтоқсандағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Железин ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Железин ауданы Железин ауылдық округінің Железинка ауылында "Октябрь" көшесі "Құсайын Сарымов" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Железин ауылдық округінің әкімі*

*К. Айсаков*